«Бекітемін»
Мек. дир.: Г. Бозжиева

# МАМАНДЫҚТАР ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

Орындаған : Кәсіптік бағдар беруші Молдатәліп Әйгерім

## *М а қ с а т ы :*

***Мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру.***

***- Мамандық таңдауына көмектесу, бағыт-бағдар беру және психологиялық қолдау көрсету.***

*Әлемде 10 мыңнан аса мамандық бар. Ал оған арнаула мамандықтар мен басқаша да қосымша маман түрлерін қосып санағанда 50 мыңнан асады. ол үшін мамандық әлемін оқып – үйрену керек.* **Мамандық сенің денсаулығыңа, физиологиялық және психологиялық күйіңе, біліміңнің сапасы мен деңгейіңнің дайындығына байланысты екенін есіңнен шығарма. Сондықтан да мамандық таңдар алдында** *«Мен жасай аламын ба, қабілеттімін бе?»* **деген сұраққа жауап беру керек.**

**Мамандық алудың 5 баспалдағын жоспарлау керек:**

1. **Арман (тілек)**
2. **Көз жеткізу (қажеттілік)**
3. **Жоспарлау**
4. **Әрекет**
5. **Игеру**

*Мамандық таңдау – адам өміріндегі ең маңызды қадамдардың бірі. Өйткені адам тағдырының бір бөлігі таңдаған мамандығымен ұштасып жатады.*

*Мамандық таңдаудың екі жолы бар.*

*Бірінші – бұл байқау және қателесу әдісі: адам соқыр сезімге беріліп, әртүрлі салаларда жұмыс жасап көреді, өзінің өмір сүруіне қажетті және рахатын табатын іс тапқанша. Бұл, әрине өте қиын да ұзақ уақытты керек етеді, себебі он мыңдаған мамандықтың түрі бар.*

*Екінші – мамандық әлемін әртүрлі әдістермен зерттеп көру. Волонтерлік қызмет атқару, әскер ойындар ойнау, өзіңнің ой – өрісіңді әр түрлі жаттығулар арқылы*


Кәсіп
Сүйікті іс
Еңбек көзі
Мамандық
Шығармашылық
Қызығушылық

*Мамандық таңдау –болашағыңды айқындау .*

Мамандық таңдау – болашағыңды айқындау . Біз алдымызға белгілі бір мақсат қоя білуіміз керек. Сол мақсатқа жету үшін бірталай міндеттерді орындауымыз керек. Сонда ғана сенің болашағың айқын.

**«Психогеометрия»** - өзін – өзі тану.

Оқушылар өзіне ұнаған геометриялық фигуралардың кез келгенін таңдауы тиіс. Әр фигура қандай да бір адам бойындағы қасиетті, қабілетті білдіреді. Әрқайсымыз өзімізді танып көрейік.



***Квадрат.*** Сенде төзімділік, шыдамдылық, еңбеккорлық дамыған. Өз айналаңа адамдарды жинап ұйымдастыру, реттеу және жүйелеу қабілетің баршылық. Сенен үздік администратор шығады, бірақ саған өзіңнің кәсіптік мамандығыңды менеджментпен байланыстырмауға ұсыныс айтамын.

***Ирек.*** Сенде әсемдікті көре білу қабілетің жоғары қалыптасқан, сондай-ақ шығармашылық қабілетің, ой – өрісің дамыған. Сенде табиғи өткір ойлық бар, өз айналаңа қабілетті адамдарды жинай аласың. Сені шаблондар, ережелер, нұсқаулар қызықтырмайды. Бастаған істі аяқтауға төзімділіктің жоқтығы бөгет жасайды.

*Шенбер.* Сенде адамгершілік жоғары дамыған. Сен өз әріптесіңді тыңдай аласың және оның кайғысы мен куанышын бірге бөлісесің, басканың ауыртпалығына жәрдемдесу кабілетің жоғары калыптаскан. Саған жеке адамдар арасындағы кикілжіңдер тән емес, өзіңді олардан аулак ұстайсың және саған менеджмент саласындағы мамандыктар сәйкес келмейді. Сенен үздік психолог шығуы мүмкін.

*Үшбұрыш.* Саған баскарушылык касиет тән. Өз көздеген максатыңа кол жеткізуге барлык мүмкіншілігіңді жасайсың. Өзіңе сенімдісің және жеңіске, жетістіктерге, ұтыстарға оңай кол жеткізесің. Айтканыңнан шыкпайсың, абыройлысың. Сен когамда, өмірде жоғары жетістіктерге кол жеткізесің, жұмысыңда жоғарыға көтерілуге бейімділігің бар. Саған менеджмент саласын меңгеру ұсынылады.

## *Шағын викторина*

1. *Кім бірінші: ер ме, әйел ме тоқыма тоқыған? (ер)*
2. *Адамды жұмысқа алу үшін толтыратын құжат қалай аталады? (контракт)*
3. *14 кәсіп орын ашқан орыс патшасы кім? (Петр I)*
4. *А.П.Чехов мамандығы бойынша кім болған? (дәрігер)*
5. *Ақшаңыздың санын қалай екі еселеуге болады? (айнадан қарағанда)*
6. *Қай адам бір қолын көтеріп автомобильді тоқтата алады? (Май инспекторы)*

## Кеңестер:

1. Ең бірінші оқушы өзіне деген сенімін және өзін – өзі құрметтей білуі керек.
2. Өзіңіздің шын тілегіңізді аша біліңіз. Өзіңізге сұрақ қойыңыз: «Шынымен маған не қажет?», «Қайда жұмыс жасағым келеді?», «Кім болғым келеді?».
3. Мамандық алу және маман болу үшін көп нәрсені үйренуің керек. мамандықтардың талаптары туралы білуге, содан соң жеке қасиеттеріңмен сәйкестендіру, ягни кәсіби жоспар жасау.

(Сіз кіммен араласасыз, соның бәріне мынадай сұрақ қойыңыз: Ол қайда оқыды? Неге бұл мамандықты таңдады? Ол мамандық ұнай ма? Ұнаса, неге ұнайды?)

4. Өзіңнің мамандануыңдағы ең басты да түпкі жетістігіңді анықта. (Қазіргі замандағы мамандықтардың маңызы не? Кез келген жагдайда мамандық әлемінде қажетті болу және өмір сүруге не керек? )
5. Кез келген арманды іске асыра біл.
6. Сізге, мемлекет үшін де, қогам үшін де – компьютерлік сауаттылық, тілдер білу және адамдармен тіл табысып, оган қоса өзіңді жақсы білуің керек.

## *Жағдаяттан шығу*
## *(көрініс арқылы)*

1. Сен өзіне ұнаған мамандықты таңдадың, бірақ ол мамандыққа ата-анаң қарсы. Сен ол кезде не істер едің?
2. Ата-анаң саған бір мамандықты таңдап берді, бірақ ол мамандық саған ұнамады. Сен ата-ананың шешіміне қарсы боласың ба?

**Қорытынды:**

«Жарқын болашақтың кепілі- жаныңа жақын кәсіп таңдау» демекші, қазіргі қарқынды дамып келе жатқан өзгермелі қоғамда өмір сүруге икемді, жеке басының, пайдасына қарай өзін - өзі толық жүзеге асыруға дайын және бәсекеге қабілетті тұлға болуды талап етеді. Сондықтан да қазіргі кезден бастап,өз-өздеріңді, бір- бірлеріңді танып, өз қабілеттерің мен икемділіктеріңді дамытыңдар. Соған сәйкес болашақ мамандықтарыңды таңдаңдар.

Абыройлы, ақ ниет — адамдыққа сенемін!- дегендей ел сеніміне кіретін құрметті мамандық иесі боламын десеңіздер білім алуға барлық күш жігерлеріңді жұмсап, егеменді еліміздің ертеңі — болашақ маман иелері болуларыңызға шын жүректен тілектеспін.

## Назарларыңызга рахмет

